

Кіріспе. Алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсету пәні, міндеттері, көлемі және негізгі бастамалары.

Шұғыл жағдайларда ауруханаға дейінгі кезеңде науқасты клиникалық зерттеу және диагностикалау әдістері.

АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК: ӨМІРІҢ ӨКІНІШПЕН ӨТПЕСІН

«Сұмдық. Көз алдымда өлді. Жүрек соғысын қалпына келтіруге тым кеш болды. Бірер минут ертерек болғанда аман алып қалуға болар еді. Қолымнан бар келгені - жедел жәрдем шақырдым. Басқа мүмкіндік жоқ деп ойлады. Қателесіппін. Зардап шеккен жанның тынысын тексеріп, жүрегіне массаж жасағанда...әттең...».

Бұл жол-көлік оқиғасы куәгерінің өкініші.

Пәннің мақсаты:

Науқасқа дәрігерге дейінгі көмек көрсетудің теориялық және тәжірибелік дағдыларды үйрету.

Пәннің міндеттері:

- *студенттерге шұғыл көмек көрсететін жағдайлармен таныстыру;
- *емдік мекемелерінде және үйде науқасқа жедел көмектің теориялық және тәжірибелік негіздерін үйрету;
- *кәсіптік этика және деонтология принциптерін үйрету;
- *реанимациялық шаралармен таныстыру және үйрету;
- *шұғыл жағдайда науқасқа дәрігерге дейінгі көрсетілетін көмек дағдыларын үйрету;

Есінде болсын:

1. Көмек көрсетерден бұрын міндетті түрде ~~жедел~~ медициналық жәрдем шақыр. Уақытымен, әрі саналы түрде шақырылған «Жедел көмек» пен арнайы қызмет зардап шеккен адамға алғашқы медицина көмегін көрсету уақытын азайтып, оның өмірін сақтайды.
2. Алғашқы медициналық көмек көрсетудің уақыты – жарақат алғаннан кейінгі 30 минут. Тыныс алу тоқтаған кезде бұл уақыт 5-7 минутқа, жүрек тоқтаса 5 минутқа дейін қысқарады.
3. Жарақат алғаннан кейінгі 30 минут ішінде алғашқы медициналық көмек алған адамдар бұл уақыттан кейін көмек алған адамдарға карағанда жағдайдың ушығу салдары екі есеге төмен болады.
4. Қаза болған 100 адамның ішінен алғашқы медициналық көмек уақытында көрсетілсе, 20 адамның өмірін сақтап қалуға болады.
5. Бір сағат ішінде көрсетілмеген көмек ауыр жараланғандар санын 30%-ға, 3 сағат ішінде көрсетілген көмек 60%-ға, ал 6 сағат ішіндегі көмек 90%-ға дейін өсіреді.

Демек, қаза болған адамдарға дер кезінде көмек көрсетілмесе, бұл адамдар саны екі есе өседі деген сөз.

АЛҒАШҚЫ КӨМЕК

- Алғашқы көмек — адам өміріне немесе денсаулығына кенеттен қауіп төнгенде оның өмірін сақтап қалу үшін немесе апаттың зиянды әсерін азайту үшін қолданылатын қарапайым шаралар. Апаттың қатарына әр түрлі жарақаттар, сынық, буынның шығуы, улану, суға бату, күйу, үсу, электр тоғы соғу, т.б. жатады.



Алғашқы көмектің
халықаралық белгісі

Алғашқы көмектің негізгі шаралары:

- апатқа түскен адамды апат әсерінен құтқару (өрттен, судан шығару);
- апаттың зиянды әсерін тоқтату (адамды жылыту, иіс тисе таза ауа жұтқызу);
- қан тоқтату, жараны байлау, сынған аяқтың немесе қолдың қозғалысын тежеу;
- жасанды дем алдыру, жүрекке жабық массаж жасау, апатқа түскен адамды тезірек емдеу мекемесіне жеткізу немесе жедел медициналық көмек көрсететін дәрігерлер тобын шақыру.

Алғашқы медициналық көмек көрсету принциптері:

- 1) оқиға орнын қарау;
- 2) бірінші рет қарау, көмек көрсету;
- 3) жедел жәрдем шақыру;
- 4) екінші рет қарау.

Оқиға орнын қарау * Сіз үшін қауіпті емес пе? * Не болды? * Зардап шеккендер қанша? * Айналаңыздағылардың сізге көмек көрсететін жағдайы бар ма? Қарау кезінде әрбір нәрсеге назар аударыңыз. Бұл оқиғаның немесе жарақаттың бастапқы себептерін көрсетеді. Егер зардап шеккен адам естүссіз болса, ал куәгерлер болмаса, түбегейлі қарау өте маңызды.

Бірінші рет қарау, зардап шегушіге алғашқы көмек көрсету (бірінші кезекте, өмірлік маңызды органдарға төнген қауіпті анықтауға бағытталған) ол:

- 1) есін тексеру (ми жүйесі);
- 2) тынысын тексеру;
- 3) пульсін тексеру (жүректің жұмысын);
- 4) жедел жәрдем шақыру .

Есін тексеру - Зардап шегушінің есінен айырылмағанын анықтаңыз. - Егер ол қатты айқай, иығынан жұлқылау сияқты сыртқы тітіркендіргіштерді сезбесе, оны көмек көрсетуге келісті деп есептеңіз.

Жедел жәрдемді келесі кез келген жағдайларда шақыру керек:

- ес-түссіз немесе ес деңгейінің өзгермелілігі;
- тыныс алудағы қиындықтар (тыныс алудың қиындауы немесе болмауы);
- үздіксіз ауру сезімі немесе кеудедегі қысымды сезіну;
- пульстің болмауы;
- көп қан кетуі;
- іштің қатты ауыруы;
- қан құсу немесе қанның бөлінулер (зәрмен, қақырықпен) шығуы;
- улану;
- сіңір тартылу, қатты ауыру немесе түсініксіз сөйлеу;
- бастың, мойынның немесе арқаның жарақаты, сүйек сынуы ықтималдығы.

ЗАРДАП ШЕГУШІНІ ҚАРАУ.

Жалпы жүйеліктегі алғашқы медициналық жәрдем көрсетуде зардап шегушіні қарау маңызды бөлімге жатады. Оның әрқашан бірінші басын тексеру керек, содан кейін қолмен ұстап қарайды. Ол бас сүйегінің жұмсарғанын немесе жарылғанын, қанталаудың болуын айқындауға мүмкіндік береді. Бет жүзін тексергенде оның түсіне көңіл аудару керек. Бозғылт, терлеген, беті суық, көзі жұмылған және аузы ашық болса, естен тану жағдайында екенін дәлелдейді. Беті ысып, қызарып тұрса қызбалықты білдіреді. Мұрыннан қан кету бас сүйегінің, мұрын сүйектері немесе мұрынның қан тамырлары зақымдану салдарынан болуы мүмкін. Егер де мұрын сынған болса, оны байқау оңай. Көзді қарап тексеру басқа денелерді, жараны анықтау, көз қарашықтарының ұлғаю жағдайын, олардың жарыққа реакциясын анықтау үшін жасалады.

Көзбен қатар бас сүйегінің жарақат қауіптілігін дәлелдейтін, құлақтың жарғағы қаралады, есту және құлақтан шығатын сұйықтық тексеріледі.

Ауыз қуыстарын тексергенде ауыздың зақымдануына, ерін түсіне, тістердің бүтіндігіне және жақ сүйектеріне ерекше көңіл бөлінеді. Бозарған ерін жүректің кемшіліктерін, ал көгерген ерін оттегі жетіспеушілігін көрсетеді. Ауыздан шыққан сұйықтық қан түсті болса, ішкі ағзалардың, тыныс алу және ас қорыту жолдарының бұзылуын білдіреді.

Мойынды жағаны шешкеннен кейін қарайды, сонымен бірге мойын омыртқа бөлігінің бүтіндігін, оның функцияларын тексереді, мойнынан зорлықпен өлтіру ізін іздейді.

Зардап шегушінің арқасын тексеру үшін ішіне немесе қырынан жатқызу керек, егер де мұндай мүмкіншілік болса, арқасына қол сұғып ұстап қарайды. Бұл жұмыс процесінде сүйектердің, жұмсақ тіндердің зақымдалған орындары, аурудың шоғырланған жерлері анықталады. Арқаны тексеру кезінде омыртқаның күйіне ерекше көңіл бөлу керек

Кеуденің алдыңғы бөлігін қарағанда бұғананың бүтіндігін олардың ортаңғы бөлігін басу арқылы тексереді, содан кейін зардап шегушінің терең дем алуын сұрайды; егер де қабырға және кеуде клеткалары зақымдалмаса, онда тыныс алу түзу, ауырмайтын, бір қалыпты болады.

Кеуденің үстіңгі жағын тексеріп болғаннан кейін ішті және жамбас сүйегіне тексеріс жүргізіледі.

Қол-аяқты көзбен шолып тексеруде зақымданған жері болса қолмен тексеру біруақытта жүргізіледі.

Сонымен қатар қол-аяқтың қозғалыс функциясын, олардың бүтіндігін, сезімталдығын, деформацияның бар жоғын, жара болған жерді, қансырауын тексереді.

Тексеру зардап шегушінің жай-күйін анықтауға мүмкіндік береді, едәуір зақымданған аумақтарды айқындайды, алғашқы жәрдем көрсету жолдарын белгілейді.

АЛҒАШҚЫ ЖӘРДЕМ АПТЕЧКАСЫ

Алғашқы медициналық жәрдем көрсетуге қажет құралдар және дәрі-дәрмектер жиынтығы алғашқы жәрдем аптечкасы деп аталады. Алғашқы медициналық жәрдем көрсетуге арналған дәрі-дәрмек апараттары және басқада құралдар жиынтығын нақты жағдайларға есептелген және тәжірибеден өткізілгенінен таңдап алу қажет.

Алғашқы жәрдем аптечкасында міндетті түрде ауруды басатын, ыстық түсіретін, қабынуға қарсы, тынышталдыратын, антисептикалық құралдар, сонымен қатар таңғыш шүберектер, бинттер, мақта, бактерецидті лейкопластырь, қан тоқтататын жгут болу керек.

Аптечкада қайшы, пинцет, ине, шприц, күре тамыр қысымын өлшейтін құрал, термометр болса артық болмайды.



Назарларыңызға рахмет!